

Тарихи, қоғамдық қайраткерлерге және оқиғаларға ескерткіштер



Баян батырға ескерткіш

2014 жылдың 12 шілдесінде Павлодар қаласында Торайғыров пен Айманов көшелерінің қиылысында, «Сарыарқа» қонақ үйінің жанындағы саябақта қазақтың батыры Баян Қасаболатұлының (1710/15-1757) монументалды мүсіні орнатылды.

Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ерлердің бірі — батыр Баян Қасаболатұлы. Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, "Батыр Баян" атанған.

Он метрлік құрылым (мүсіннің өзі шамамен 5 жарым метр) Алматы облысының Талғар қаласында қоладан құйылды. Жылқы мүсінінің салмағы 3 тоннаны құрайды. Композицияның авторы атақты қазақ мүсінші Едіге Рахмадиев болды. Оның айтуынша, ол тарихи батырдың мүсінін жасау үшін бір жылдай жұмыс істеген: шығарылған кітаптарды, ғалымдардың зерттеулерін оқып осындай мүсінді жасаған.

Ескерткіштің жасалуына тікелей 15 адам еңбек етті. Еңбегінің нәтижесін бағалауға республиканың түкпір-түкпірінен белгілі ғалымдар, мәдениет және ғылым қайраткерлері, сондай-ақ Моңғолия, Қытай, Өзбекстан және Ресейдегі қазақ диаспораларының өкілдері келді.

Даңқты батырдың 300 жылдығына арналған қола ескерткіш қоғамдық қор және павлодарлықтардың ерікті қайырымдылықтары есебінен орнатылды.

Әдебиеттер:

Молдайып, С. Баһадүр баба Баян ескерткіші асқақтады: [Баян Қасаболатұлының ескерткіші Павлодар қаласында бой көтерді] / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2014. - 15 шілде. - 1, 3 б.

Баян батырға ескерткіш қойылды: [Баян Қасаболатұлының туғанына - 300 жыл] // Шаһар. - 2014. - 18 шілде. - 2 б.

Бықай, Ф. Батыр Баян тұғырға қонды: [Павлодар қаласында Баян батырға арналған ескерткіш қойылды] / Ф. Бықа // Егемен Қазақстан. - 2014. - 16 шілде. - 10 б.

Мақұл, У. Батыр ескерткіші бақылаусыз ба?: [Баян Қасаболатұлының ескерткіші] / У. Мақұл // Сарыарқа самалы. - 2017. - 20 шілде. - 3 б.

Аяшинов, Д. Батыр бейнесін қалпына келтіру қажет: [Баян Қасаболатұлы жайлы] / Д. Аяшинов // Сарыарқа самалы. - 2018. - 16 тамыз. - 18 б.

Қабылденова, Қ. Ескерусіз ескерткіштер: [облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиын барысында аймақтағы ескерткіштерді тіркеу, оларды күту мәселелері талқыланды] / Қ. Қабылденова // Сарыарқа самалы. - 2018. - 6 қыркүйек. - 2 б.

Малайсары батырдың ескерткіші



2016 жылы Павлодарда “Баянауыл» сауда үйінің жанынан Малайсары батырға ескерткіш орнатылды. Ескерткіштің ашылу салтанаты 2016 жылғы 20 тамызда Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған “Ұлы Дала елі” фестивалі аясында өтті.

Малайсары батыр (Малайсары Токтауылұлы) (шамамен 1700-1756) - Орта жүздің батыры әрі биі. Арғын тайпасынан шыққан, Павлодар облысының Май ауданының аумағында дүниеге келген. Малайсары батыр Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған.

Малайсары батырдың ескерткішін орнатуға бастамашы «Малайсары-Тархан» қоғамдық қорының атқарушы директоры Ермат Байғұрманов болса, ескерткішті қазақтың белгілі суретшісі, алматылық Болат Құсайынов жасаған.

Ол қоладан құйылған және салмағы шамамен 6,5 тонна, өлшемі 3,5/6 метр. Ескерткіш бірнеше сәулет элементінен құралған біртұтас композициядан тұрады. Композицияның бірінші бөлігін - биіктігі 60 см 4 баспалдақ, екінші бөлігін - биіктігі 4,4 метр үш баспалдақты тұғыр, үшінші бөлігін - биіктігі 5 метр мыстан жасалған тұлпардың үстіндегі батырдың тұлғасы құрайды. Ескерткіштің құрылысына тегістелген табиғи гранит пайдаланылған. Гранит тастары Құрт кен орнынан алынды. Барлық жұмыстар демеушілік қаражатқа жүргізілді.

Әдебиеттер:

Жақсыбаев, С. Келіскен істе кемшілік болмайды: [Малайсары ескерткішіне байланысты арнайы комиссия құрылуын сұраймыз] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2016. - 16 маусым. - 6 б.

Сахаба, Т. Ескерткіштің үлгісі әзір: [Павлодар облысындағы Малайсары батыр ескерткішінің конкурс қорытындысы бойынша Алматы қаласының тұрғыны Б. Құсайыновтың үлгісі үздік деп танылды] / Т. Сахаба // Сарыарқа самалы. - 2015. - 22 қыркүйек. - 8 б.

Сахаба, Т. Малайсарының ескерткіші ашылады: [Павлодар қаласының Кутузов көшесінің бойына Малайсары батырдың ескерткіші орнатылады] / Т. Сахаба // Сарыарқа самалы. - 2016. - 11 тамыз. - 7 б.

Шәкіров, Н. Аптықпа, алдымен ойлан!: [Павлодар қаласының Кутузов көшесінің бойына Малайсары батырдың ескерткіші орнатылады] / Н. Шәкіров // Сарыарқа самалы. - 2016. - 16 тамыз. - 5 б.

Қабылденова, Қ. Ескерусіз ескерткіштер: [облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиын бары-сында аймақтағы ескерткіштерді тіркеу, оларды күту мәселелері талқыланды] / Қ. Қабылденова // Сарыарқа самалы. - 2018. - 6 қыркүйек. - 2 б.

Ағартушылар мен академиктердің мүсіндері саяжолы



Ломов көшесі, 64 орналасқан, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің бас корпусы алдындағы су бұрқақтарының айналасында скверде орнатылған ескерткіш 2003 ж. қойылды.

Павлодар облысында туып өскендер ағартушылар мен академиктерге ескерткіш аллеясы – тоғыз ескерткішті тұғырда орнатылған композициясын көрсетеді. Композицияның ортасы университетке кіре берісте субұрқақ алдында жеке тұрған С.Торайғыров ескерткіші болып табылады. Шағын баққа кіре берісте С.Торайғыров ескерткішіне қарама-қарсы жастар назарына қазақ және орыс тілдерінде ақынның сөздері жазылған гранитты қысқа бағана орнатылған:

«Бүгіндегі жастарға оқу міндет, Тек
қана оқуменен өнер білмек.
Өнер-білім, адалдық, ар-намысты Жоятын
надандық қой емсіз індет»

Ескерткіштер субұрқаққа жағалай орнатылған. Бір жағынан – Бұқар жырау, М.Ж.Көпеев, Ж.Аймауытов, Е.Бекмаханов ескерткіштері, екінші жағынан – академик Қ.И.Сәтпаев, А.Бектұров, Ә.Марғұлан, Ш.Шөкин ескерткіштері. ескерткіш Мир көшесінде орнатылған – олар біздің жерлестеріміз Мұса Шорманұлы және Әбікей Сәтпаев.

Ескерткіштер қоладан жасалған, қызыл гранитпен қапталған тұғырда орнатылған. Мүсіншілер шығармашылық тобының топ жетекшісі, ҚазССР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер Е.Т.Мергенов, ескерткіштер Өскеменде көркем комбинатта даярланған. Ескерткіштердің жасалуына Қазақстанның ең жақсы суретшілері еңбектенді. Олардың ішінде Қазақстанның халық суретшісі Х.И.Наурызбаев, ҚР суретшілер одағының мүшесі Б.А.Әбішев, өнерге еңбегі сіңген қайраткер Е.А.Сергебаев және т.б.

Әдебиеттер:

Қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровқа Павлодар қаласында орнатылған мүсін-ескерткіш // Абай.- 2006. - № 2. - 4 б.



Екі

Б.Ахметовқа ескерткіш. Павлодар педагогикалық колледжі.



Халық ағарту ісінің үздігі, ҚазКСР еңбек сіңірген ұстазы Бейсен Ахметовқа арналған ескерткіш оның 100 жылдығы қарсаңында Павлодарда ашылды (2012 жылғы 2 қараша). Ескерткіш оның есімі берілген педагогикалық колледждің жанында орнатылды, - бұл оқу орнын Б.Ахметов ширек ғасыр басқарды.

Бейсен Ахметұлы Ахметов (1913-1984) – ҚазКСР еңбек сіңірген ұстазы (1961), Павлодар қаласының құрметті азаматы (1977), Ұлы Отан соғысының қатысушысы.

Павлодар педагогикалық училищесін (1933) және ҚазМУ-ді (1940) бітірген. 1932 жылдан бастап Ямышев балалар үйінде тәрбиеші, одан кейін – Қашыр ауданында математика мұғалімі. Соғыс жылдары Ташкент полк мектебін аяқтаған. 1944-1948 жылдары әскери басшы және Тобылжан орта мектебінің директоры, 1948-1982 жылдары Павлодар педагогикалық училищесінің директоры. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. 1996 жылы педагогикалық колледжіне Бейсен Ахметов есімі берілді. Оның есімі педагогикалық училищесіне (қазір педколледж) және Павлодар қаласының көшесіне берілді.

Атақты ұстаз Павлодар облысының білім беру саласына елеулі үлес қосты. Ол қазіргі уақытта облыстың барлық мектептерінде жұмыс істеп, оқушыларға білім беріп жатқан

мұғалімдердің тәлімгері болған.

Б.Машрапов оның мінбеде тұрған бейнесін суреттеген, бұл оның өз тәрбиеленушілеріне әрдайым ақыл айтып отырған директор мәртебесін көрсетеді.

Мүсіндік портреттің авторы – ҚР суретшілер одағының мүшесі Бота Машрапов.

Әдебиеттер:

Белгібай, А. Ұстазға ескерткіш қойылды: [Б. Ахметов атындағы Павлодар пед. колледжінде ұстаз Б. А. Ахметұлының 100 жасқа толуына орай ескерткіш ашылды] / А. Белгібай // Ертіс дидары. – 2012. – 23 қараша. – 3 б.

Шодыр, Н. Әйгілі ұстазға: [Б. Ахметов атындағы пед. колледж алаңында Павлодар қаласының құрметті азаматы, оқу-ағарту ісінің үздігі Б. А. Ахметовтың 100 жылдығына орай ескерткіш-бюст ашылды] / Н. Шодыр // Сарыарқа самалы. – 2012. – 3 қараша. – 1 б.



Ашаршылық құрбандарына ескерткіш



Өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылық құрбандарына ескерткіш 2012 жылғы 31 мамырда ашылды. Оны қаланың кіре берісіндегі ескі мұсылман зиратының алдында тұрғызды, осында 1932-1933 жылдары ашаршылықтан өлгендерді жаппай жерлеген.

Тұғырда өлген әйелдің семіп қалған денесі және жанында жылап тұрған кішкентай жүдеген бала бейнеленген. Мүсіннің авторы Марат Абылқасымов образының мейірімсіздігі қазақ халқының тарихындағы жан түршігерлік оқиғаны еріксіз қабылдатқандығын жасырмайды.

«30-шы жылдардағы ашаршылық Украина, Ресей, Беларусь, Қазақстан халықтарын аяған жоқ, - деді, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Ерлан Арын митингтің ашылуында. – Елімізде бір жарым миллион адам қаза болды. Ашаршылық әрбір қазақ отбасының өмірінде ізін қалдырды – бұл туралы бұрын жалпақ жұрт үшін жабық болған құжаттар дәлел. Тек Павлодар облысында ғана 300 000 ға жуық адам көз жұмды. Міне бір сан – 1931 жылғы 1–2 мамыр күндері Павлодардың көшелерінде ашаршылықтан өлгендердің 435 мәйіті жинап алынды. Ашаршылық ешкімді де – сәбилерді де, қарттарды да аяған жоқ». Мұрағаттық деректер бойынша ұлы жұт жылдары Павлодар облысында 300 мыңнан аса адам қайтыс болған.


Композицияның негізінде өлген анасын жоқтап отырған бала. Ескерткіш авторы павлодарлық мүсінші Марат Абылқасымов. Бетоннан салынған құрылысты жаппай жерленгендер табылған қаланың шыға берісіндегі ескі мұсылман зиратының жанында орнатты. Монументтің аумағы 22 метр, мүсіннің биіктігі – үш метр шамасында. Ол екі аптадай уақыт ішінде жасалды.

Әдебиеттер:

Әміренов, Ф. Қасірет құрбандарына - мәңгілік тағзым!: [31 мамыр - саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде Павлодар қаласында нәубет құрбандарына арналып ескерткіш бой көтерді] / Ф. Әміренов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 2 маусым. - 1 - 2 б.



Мұражай-үйінің ауласында фотограф-өлкетанушы Д.П. Багаевқа қойылған мүсін



Ленин көшесі, 200

Мүсін 2001 ж. мұражай-үйінің ауласында орналасқан (Ленин көшесі, 200). Мүсіннің авторы мүсінші Көкен Темірғалев. Д.П.Багаев бейнесі (1884-1958) портреттік ерекшеліктегі беріліммен реалистік дәстүрде шешілді. Мүсін жоғары шағын сөремен төртбұрышты кесілген тұғырға орнатылған. Тұғыр төртбұрышты тақтамен қапталған. Тұғырдың қасбеттік шегінде тақтаға «Багаев Д.П. 1884-1958» деп жазылған.

Дмитрий Поликарпович Багаев (1884-1958) Павлодарда тұрды, 1988 ж., Вятский губерниясының тумасы (қазіргі Киров обл.). 1905 ж. өз фотографиялық салоны болды, 1911 жылдан Ленин көшесі, 200 үйінде тұрды (бұрынғы Владимирская). Павлодар Ертіс өңірінің бірінші фотогроф-жылнамашы кәсіпқойы, өлкетану мұражайының негізін салушылардың бірі және 1944-1958 жж. оның алғашқы директоры. Ол өзінен кейін Ертіс өңірінің тарихы бойынша бай фото мұраларын қалдырды. Жарты ғасырда ол жасаған негативтер саны 10 мыңды құрады.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э. [Мұражай-үйінің ауласында фотограф-өлкетанушы Д.П. Багаевқа қойылған мүсін] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города./Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 352 б.

Бірлік пен келісім монументі



Бірлік пен келісім монументі- ескерткіш Павлодар қ. әуежайға барар жолда орнатылған. Ескерткіш Павлодар облысының елтаңбасы бар қазақтың ұлттық шаңырағымен аяқталған ақ түстес төрт бағанадан тұрады. Әрбір төрт баған 30 символикалық кірпіштен салынған. 120 элемент Қазақстанда тұратын этностардың шамалы мөлшерін символдайды, ал шаңырақ болса Қазақстан жерінде әр ұлттағы адамдарды қонақжай қазақ халқы қарсы алатындығын еске түсірді.

Монумент Қазақстан халықтары ассамблеясының бастамасы бойынша жобаланып салынған. Осы институттың барлық жасампаз ойлары еліміз бен аймақта тұрып жатқан барлық этностар арасында бейбітшілік пен келісімді сақтауға бағытталған.

Әдебиеттер:

Қабдуахит Ә. "Бірлік пен келісім" монументі бой көтерді: [облыс орталығында әуежай маңатындағы шаһар кіреберісінде "Бірлік пен келісім" монументінің ашылу салтанаты өтті] / Ә., Қабдуахит.//Сарыарқа самалы.- 2012.- 18 қыркүйек. - 1 б.

«Дос-Мұқасан» мемориалдық кешені



Павлодарда қазақстандық танымал «Дос-Мұқасан» тобына ескерткіш орнатылды.

Ескерткіш С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университет аумағында орналасқан және алдыңғы жақта тұрған топтың төрт негізін салушы қола мүсін, арт жақта тұрған – ансамбльге кейін келген қалған алты қатысушылар бейнеленген барельеф композицияны білдіреді.

Осы композицияның Павлодарда пайда болғаны кездейсоқ емес, өйткені 1967 жылы музыкалық топты құрушылар, әлі де Алматы политехникалық институтының студенттері, Павлодар облысында студенттік құрылысшылар отрядында жұмыс істеді. Топтағы көптеген балалар Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып, өскен және осында жиі қонаққа келеді.

Мұнда Венгриядан да балалар болып, жұмыс істеді және олар өз ансамбльдерін құрып оны «Дос–Мұқасан» деп атауға септіктерін тигізді- оның негізін салушылар аттарының бірінші буындарынан: «Дос» - Досым Сулеев, «Мұ»- Мұрат Құсайынов, «Қа – Қамит Санбаев, «Сан» - Саня (Александр) Литвинов.

Жас музыканттар ескі қазақ халық әндерін және аранжировкадан кейін хитқа айналатын өздерінің

шығармаларын орындаған. Топ 1971 жылы Ташкентте халықтар достығының бүкілодақтық фестивалінде бірінші орынға ие болғаннан соң ресми таныла бастады.

Қазақстандық топтың негізін салушылардың бірі Шарип Омаров болып табылады - дипломат, парламентарий, кенеттен дүние салған белгілі қоғам қайраткері.

Бұдан басқа, Павлодар – көптеген жылдар бойы «Дос-Мұқасан» тобының орындауындағы хиттарды ең жақсы айтатын "DocStar" республикалық фестивалі өтетін бірден-бір қала.

"Дос-Мұқасан" ансамблі - қазіргі қазақстандық эстраданың негізін салушылардың бірі, көптеген халықаралық конкурстар және фестивальдердің лауреаты, соның ішінде X және XII Берлин мен Мәскеудегі жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінің, Қазақстанның комсомол сыйлығының лауреаты.

Ескерткіш Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті мен топтың шығармашылығына табынушылардың қаражатына салынған. «Бұл студент бола тұра осындай ұжым құрған және өз орындауларымен халықтың сүйіспеншілігін жаулап алған» музыканттар шығармашылығына көрсеткен құрмет, –деп атап өтті Е. Арын.

Әдебиеттер:

Әубәкірова, Ш. Аты аңызға айналған "Дос-Мұқасанға" ескерткіш: С. Торайғыров атындағы ПМУ-де ашылды / Ш.Әубәкірова//Сарыарқа самалы.- 2008.- 30 қыркүйек. - 1, 3 б.
Күмісбайұлы, Ш. «Дос-Мұқасан». - Алматы, 2007. – 176 с.

Қазақстан Республикасының туы бар ұстынтізбек



Қазақ елінің мемлекеттік туы

Қазақстан Республикасының Туы Кутузов-Лермонтов көшелерінің қиылысында орнатылған. Ашылуы ҚР Ата заңы күні және ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау шеңберінде өтті. 10х20 метрлі ту Түркияда тігілді, 40 метрлік ту тұғыры да қысқа мерзімде дайындалып, орнатылған.

Мерейтойлық объект ҚР Ата заңы күнін тойлаған күні ашылып, қалалықтардың көркем демалу орындарының біріне айналды.

Әдебиеттер:

Қала сәулеті: [Павлодар қаласындағы Кутузов және Лермонтов көшелерінің қиылысында жаңа құрылыс – колонналар орын алады] // Шаһар. – 2011. - 12 тамыз. - 2 б.

Қазақстан Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына арналған этно мәдени бірлестіктердің аллеясы



2011 жылдың қарашасында Павлодарда Қазақстан Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына арналған этно мәдени бірлестіктерінің аллеясының ашылуы өтті. Қаланың бас Кутузов көшесін бойлай орналасқан аллеяда халықтың танымал бейнелері орнатылған. Олар Павлодар облысын қоныстанған басқа этностардың рухани мәдениетін символдап көрсетеді. Жаңа көз тартарлық орындар - Қазақстанда тұратын халықтар достығының нағыз көркем символы.

Қаланың ең кең Кутузов атындағы көшесінде облысымызда тұратын сәндік, ұлттық стилде орындалған, 18 этностардың мүсіндік композицияларының символды бейнелері орнатылған.



Қазақтың киіз үйі - нәзік, барыстың сәндік мыс кескіндемесімен әшекейленген, соғылған металдан жасалған. Греция бұрышы – бұл классикалық аркада және Афродитті әйел құдайының мүсіндік бейнесі. Жел диірмені және ұядағы құтан – бұл Белорус. Шешенингуш ЭМБ символы – мұнара мен бүркіт, корей орталығынікі - әсем ауа райы болды. Ресей символы да танымал – үлкен тату отбасының символы болған ашық түсті әдемі шешей; бекініс бөлігі - Полония» поляктар қоғамы; болгар ЭМБ «Славяне» роза гүлі; армян қоғамындағы «Айреник» ұлттық құрылыс элементі; украин шығармашылығындағы диірмен; еврей орталығындағы«Мерказ» шырағдан қойғыш; чуваш ЭМБ- құдық; қарашай-черкес және кабардин-балқар ЭМБ – де арқар; «Возрождение» немістер қоғамындағы мұнара; татар-башқұрт орталығындағы ұлттық тұрғын үй фигуралары; әзірбайжандық «Девичья башня» және ұйғыр ЭМБ кереует мүсіні.

Әдебиеттер:

Есімханова, А. Достық пен бауырластық үндестігі: [Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында облыс орталығындағы бас көшенің бойында этно-мәдени бірлестіктердің аллеясы ашылды]/ А. Есімханова // Сарыарқа самалы. – 2011. – 19 қараша. – 1 б.

Қызмет борышын орындаған кезде қаза болған ішкі істер және ішкі әскер қызметкерлеріне ескерткіш



Фото Р. Александров

Қазақтан ішкі әскерлерінің тарихында үлгі аларлықтай мысалдар көп. Бейбіт өмірде әскери борышын орындаған кезде ішкі әскер қызметкерлері отандастарының қауіпсіздігі үшін өмірлерін құрбан еткен. Біздің жерлестеріміз де - ішкі әскер қызметкерлері қаза болған, қылмысқа қарсы іс-әрекеттердің алғы шебінде болған олар жігер, ерлік, табандылық көрсеткен. Павлодарда ішкі істер департаментінің алдында әскери міндетті орындаған кезде қаза болған тоғыз қызметкердің есімдері тас бетінде мәңгі есте қалдырылған.

Ленин көшесіндегі балалар саябағында В.И. Ленинге ескерткіш (1928)



В.И.Ленинге ескерткіш Ленин, Толстой, К.Маркс көшелерінде балалар саябағында орналасқан, балалар саябағы Ленин көшесіне қараған. Бұл, Павлодар облысында В.И.Ленинге қойылған бірінші ескерткіш.

Атқарушы комитеттің ғимараты жанындағы бұрынғы Казак алаңында орнатылған. Мүсін Омбыда құйылды, орнында тұғыр салынды. Ашылуы 1928 жылы 1 шілдеде болды. Қазақстандағы Ленинге қойылған тұңғыш ескерткіштердің бірі және облыс аумағындағы бірінші, ол қала және оның ортасының дамуының белгілі тарихи кезеңін бейнелейді. Ескерткіш маңында Лениннің есімімен аталған саябақ жайылып, 1955 жылы балаларға берілді.

Ескерткіш тұрған бойы тұлғасын ұсынады. В.И.Ленин сөз сөйлеуді өзіне тән кейіпте тұр. Оң қолымен пиджак қайырмасын, ал сол қолымен кепешін ұстап тұр. Тұғыр классика дәстүрінде төртбұрышты үш сатылы қысқа бағана үлгісінде және әрбір қырында текше пішінмен жасалған. Шеткі текшелерде көтеріліп жатқан күн сәулелері ретінде фестондар. Тұғыр декорынан жапсырма металл лентасы және бойтұмары жоғалған.

Текшеде беткі жағында: «В.И.Ульянов (Ленин) (1870-1924)» жазуы. 1957 жылы ескерткіштің тұғыры ауыстырылды. Ескерткіш материалы – бетон, мүсін биіктігі 2,2 м. Тұғыр кірпіштен жасалды, сылақталған, ақталған. Биіктігі 2,6 м, жоспардағы көлемі 1,8х1,8 м. Жоспардағы негіздің көлемі 4,7х4,7.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [Ленин көшесіндегі балалар саябағында В.И. Ленинге қойылған бірінші ескерткіш] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. – Павлодар, 2007. - 350 – 351 б.

Ленин көшесіндегі ардагерлер саябағындағы В.И.Ленин ескерткіші



Павлодар қаласында В.И.Ленинге ескерткіш 1958 жылы салынған тастың орнында орнатылды және кеңсәрлар мен ұжымшарларда егін жинауда жұмыс істеген Қазан университеті студенттерінің бастамасы бойынша облыстың жас тың игерушілерімен жиналған қаражатқа 1966 жылғы 22 сәуірде ашылды. Ленинград қаласының (Санкт-Петербург) мүсінішілері Ю.Лаховинин мен Л.Радионовтың және сәулетшілер Е.Полторацкий мен Н.Надежиннің жобасы бойынша Ленинград зауытында шойыннан жасалды «Монумент-мүсін. Мүсіннің биіктігі 6 м 30 см., жалпы биіктігі – 12 м 65 см. Ескерткішті орнату бойынша жұмыстарды Ленинградтан келген бригада және «Павлодаржилстрой» бригадалары іске асырды.

Ертеректе қалалық әкімшіліктің ғимараты алдындағы Ленин алаңында орнатылған ескерткіш 1997 жылы Ленин көшесіндегі ардагерлер саябағына көшірілді.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [Ленин көшесіндегі ардагерлер скверіндегі В.И.Ленин ескерткіші] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города./ Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 345 б.

Қолбасшы Александр Невскийдың бюсты



Павлодар қ. Благовещенск кафедралық шіркеуінің аумағына 2005 жылы Новгородтық және Владимирлық қолбасшы, ұлы князь Александр Невскийге ескерткіш орнатылды. Князь Ярослав екіншінің ұлы 1240 жылы шведтармен шайқаста жеңіп шықты. Ал 2 жылдан кейін, 1242 жылы Чукотск өзенінде неміс рыцарларының күлталқанын шығарды. Ерлігі, халық арасында қолбасшылық өнері үшін Невский атын алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ол туралы қайтадан еске түсірді. 1941 ж. 3 шілдеде И.Сталин, Қызыл әскерлердің жауынгерлеріне неміс-фашист басқыншыларымен күресте тілек тілей отырып, осы соғыста оларды біздің ата-бабаларымыз – Минин мен Пожарский, Александр Невскийлердің ерліктері шабыттандыратынын айтты.

Қалаға ескерткішті Павлодар мемлекеттік университеті сыйға тартты. Ерлан Арын 625 жылдық Православие шіркеуінің қолбасшысы және ұлы князьдың киелі жүздерге қосылуына байланысты және Ұлы Отан соғысындағы кеңес халықтарының 60 жылдық жеңісін атап өтті. Атап айтқанда Ұлы Отан соғысы барысында, 1942 жылы, ұрыста ерлік пен айбындылық көрсеткен жауынгерлерді марапаттаған Александр Невскийдің ордені бекітілді.

Ескерткіштің ашылуына игумен Иосиф «Александр Невский» орденімен марапатталған Қабдыш Нуркин қатысты. Маңызды мәлімдемелер бойынша осы марапаттауға Павлодар Ертіс өңірінің тұрғындары – Кеңес Одағының қаһармандары М.Қайырбаев, Н.Белоедов, Н.Ивановтар лайықты деп табылады.

Алғаш рет ескерткіш 1950 жылдың соңында облыстық орталықта пайда болды, ол жергілікті жазғы училищенің курсантымен дайындалды. Кейін ғимарат Павлодар индустриалдық институтының әскери кафедрасын алды (қазір – С.Торайғыров атындағы ПМУ).

Содан кейін, филиал ғимаратты тастап кеткеннен кейін, ескерткіш монтаждальды және университеттің әскери кафедрасында сақталды. Жоғарғы оқу орнының өкілдері ескерткішті қаланың қолбасшыларына қайтарып беруді шеше отырып, ескерткішті орнату үшін орын табу туралы шешімді алқамен – облыстық билік пен православие шіркеуінің өкілдерімен шешті.

Ескерткіш алтын бояумен жабылған, қолбасшылардың жетістіктері қола түске боялған.

Осы күні Павлодардың әкімі сыйлаған жеті шырша отырғызылды.

Әдебиеттер:

[Қолбасшы Александр Невскийдың бюсты] // Сарыарқа самалы МаржаныЕртістің Павлодар өңірі / Павлодарское Прииртышье Жемчужина Сарыарки / Pavlodar Priirtshe Is a pefrl of Saryarka. – 2008. - 106 - 107 б.

Орыстың ғалым-физиологы және академигі И.П.Павловқа ескерткіш

Бұл ескерткіш Г.Т.Сұлтанов атындағы облыстық аурухананың шағын бағында орналасқан. Ол XX ғ. 70 жылдары Щедрин көшесі, 63 орнатылған. Иван Петрович Павлов (1849-1936) – адам физиологиясы және оның жүйке қызметін зерттеген атағы әлемге әйгілі ғалым. Ол 1907 ж. бастап Ресейде академик болды.

Оның Павлодарға ешқандай қатысы болмаса да, медицина тұсындағы еңбегін ескере отырып, аурухана аумағына кезінде мәскеуліктер сыйға тартқан ескерткішті орнатты.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э. [Орыстың ғалым-физиологы және академигі И.П.Павловқа ескерткіш]

// Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города./ Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 255 б.

Қазақ педагогы, ағартушысы, гуманист және қоғам қайраткері А.З.Сатпаевқа ескерткіш



Қазақ оқытушысы, ағартушы және қоғам қайраткері А.З.Сатпаевқа ескерткіш бюсты 2002 жылы ашылды. Ескерткіш Павлодар қ. Мир көшесі, 60 орналасқан пединститут ғимаратының алдына қойылған. Абинеі Зейнович. Сатпаев Баянауыл ауданында (1881-1938) туған. Омбы мұғалімдер семинариясын бітірді (1905), Баянауылда мұғалім болып жұмыс істеді. 1910-1920 жылдар аралығында Павлодар қ. орыс-қазақ училищесінде сабақ берді, 1910-1915 жж. училище директоры, Семейлік халықтық білім беру бөлімінде инспектор болып жұмыс істеді (1915-1920). «Алаш» партиясымен тығыз қарым-қатынас жасады. 1920 жылдан 1938 жылға дейін Омбы мен Қырғызда, Семейде жұмыс істеді, педтехникумды басқарды, сауатсыздықты жою жұмыстарын жүргізді.

Жазаланды. 1956 жылы ақталып шықты.


«Той» журналы мен басқа деректемелер беттерінде педагогика тарихы мен халықтық білім беру жайында бірқатар мақалалар легін қалдырып кетті.

С.Торайғыров атындағы ПМУ академиктері мен ағартушылары аллеясында бюсты (2002) қойылған.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э. [Қазақ педагогы, ағартушысы, гуманист және қоғам қайраткері А.З.Сатпаевқа ескерткіш] //Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города./ Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 255 б.

Қ.И.Сәтбаевқа ескерткіш



2010 жылдың 12 сәуірінде тұңғыш академик, Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ескерткіші Павлодар қаласының орталығында оның есімі берілген көшеде қалалық әкімдіктің жанында ашылды. Тұғырымен бірге мүсіннің биіктігі – 8,5 метрді құрайды.

Ескерткіш авторы – мүсінші, ТМД және Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР көркемөнер академиясының академигі Ольга Прокофьева. Тұғырдың авторы – халыққа еңбегі сіңген сәулетші Кацев.

Әдебиеттер:

Әбішев, А.Әлемдік ауқымдағы тау тұлға: [Павлодар қаласында академик Қ. Сәтбаевтың ескерткіші ашылды] / А. Әбішев, М. Аяғанов//Сарыарқа самалы.- 2010.- 13 сәуір.- 1 - 2 б.

Қабдурахит, Ә.Тұғырда - тұлғалы ер: [Павлодар қаласында академик Қ. Сәтбаевтың ескерткіші ашылды] / Ә.Қабдурахит//Шаһар.- 2010.- 15 сәуір. - 2 б. Салықов, К. Павлодарда Сәтбаев ескерткіші:өлең / К. Салықов // Сарыарқа самалы. – 2010. – 17 сәуір. – 2 б.

Трактор зауытының инженерлік корпусы алдындағы алаңда қойылған «ДТ-75М» ескерткіші (1979)



зауыт алдындағы ПТЗ алаңы ПТЗ-ң 200-мыңыншы тракторы

Бұрынғы трактор зауытының кіре берісінде орнатылған 200 мыңыншы ДТ-75 ескерткіші. Павлодарлық тракторды тарихи құндылықтар санатына жатқызуға болады. Ол 1979 жылы орнатылды.

Бірнеше он жыл бұрын ПТЗ конвейерінен әр күн сайын жүздеген жылан табан машиналары түсірілген. ДТ-75 тың жерлерін көтерген және бұрынғы КСРО-ң барлық егістік жерлерінде жұмыс істеген, сонымен бірге, Шығыс Еуропа, Моңғолия, Куба және Вьетнам жерлерін жыртқан. Сол кездері технологиялық мүмкіндіктері және ат күшінің саны бойынша тең келер техника болған жоқ. Қазірдің өзінде ол көпшілікке белгілі, әсіресе,

ауылдарда.

Ескерткіштер – берік тарих болып қала берулері керек. Осы трактор дәуірдің ескерткіш таңбасы болып табылады, оны сақтау керек.



Тұңғыш ұстазға ескерткіш



Қолында кітап ұстаған және жанында екі бірінші сынып оқушысы бар ұстаз-әйелдің бейнесін ұсынатын қола мүсіні Киров атындағы Алматы зауытында құйылды. Ескерткіштің авторы ҚР суретшілер одағының мүшесі Қажымбек Баймұльдиннің сөзі бойынша ол өзі осы композицияның үш бейнеден тұру керектігіне көндірген екен. Ескерткішті ашу Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының ашылғанына 50 жыл толуына арналған мерекеге орайластырылған.

Әдебиеттер:

Ұстаз келбеті: [Павлодар аймағында Ұстазға арналған ескерткіш алғаш рет қойылып отыр] // Шаһар. - 2012. - 7 желтоқсан. - 3 б.

Шоқан Уәлиханов пен Григорий Потанинге ескерткіші



Павлодарда Қазақстан мен Ресей халықтарының достық белгісі ретінде Шоқан Уәлиханов пен (1835-1865) Григорий Потанинге (1835-1920) ескерткіш ашылды.

Шоқан Уәлиханов – қазақ тарихшысы, этнограф, саяхатшы және ағартушы, Ресей патша армиясы Бас штабының офицері және орыс географы, этнографы, публицисті, ботанигі Григорий Потанин Омбы кадет корпусында оқыған кезде 19-шы ғасырдың елуінші жылдары танысып, өмірлерінің соңына дейін дос болып қалды.

Ескерткіштің ашылуы – бұл көпғасырлық жалпы тарихы бар екі көрші ел халықтарының дотығына кезекті символ және жаңа дәлел. Ш.Уәлиханов пен Г.Потанин жақын дос және серіктес болды.


Биіктігі 5,4 метр қола мүсіні Павлодардың орталығындағы Торайғыров көшесінде жаңадан қалпына келтірілген «Денсаулық» скверінде орнатылды. Темір бетон тұғыры жылтыратылған гранитпен қапталған, ал Азияның белгілі зерттеушілерінің тұлғалары да (3,6) қоладан жасалған. Ескерткіш маңындағы аймақ жақсарып, нағыз скверге айналған.

Облыс орталығының көркіне айналған мүсін экспозициясының авторы белгілі қазақстандық мүсінші және суретші Мұрат Мансұров – Астанадағы Салтанат қақпасын жасаушы.

Әдебиеттер:

Шоқан мен Потанинге ескерткіш ашылды: [Павлодар қаласының орталығында ғалымэтнограф, саяхатшы, ағартушы Ш. Уәлиханов пен географ, этнограф, публицист, ботаник Г.Потаниннің ескерткіші ашылды] // Сарыарқа самалы.- 2012.- 25 қыркүйек. - 1 б.

Чернобыль АЭС апатында қаза тапқандарға ескерткіш



Павлодарда Чернобыль атом станциясында болған апаттың салдарын жоюға қатысқандар құрметіне монумент ашылды.

Жобаның авторы жергілікті суретші Андрей Оразбаев. Ол өзі де сол апаттың жойылуына қатысқан. Ескерткіш Ленбағына орнатылған.

Мұса Шорманов мүсіні

Қазақ мемлекет қайраткері және этнографы, Баянауыл ауданының тумасы Мұса Шормановқа (1819-1884) арналған мүсін 2002 жылы педагогикалық институт алдында А.З.Сәтпаевтың жанында орнатылған.

М.Шорманов – Баянауыл ауданының тумасы, ауыл молдасынан білім алған, Омбы казак бастапқы училищесін бітірген. 1835 жылдан бастап «Сібір қырғыздарының облысы» Баянауыл сыртқы округі болысының билеушісі, ал 1854-1868 жылдары – осы округтің сұлтаны болған. Қызметін хорунжий шенінен бастап, ресей армиясының полковнигіне дейін жеткен. Орыс және француз тілдерін жақсы білген. Г.Н.Потанинмен, Н.Ф.Костылевпен, Н.Ф.Усовпен және Н.М.Ядринцевпен достық қарым-қатынаста болған. Өз халқының қамын ойлаған, ресей және сібір әкімшілігінің алдында қазақ балалары үшін мектептер мен гимназиялар ашу туралы мәселелерді қойған.

Ол «Павлодар уезінің қырғыздары туралы жазбалар» және «Қырғыздардың мал шаруашылығы» этнографиялық мақалаларының авторы.

Мүсіні С.Торайғыров атындағы ПМУ-ң ағартушылар және академиктер мүсіндер саяжолында орнатылған (2002).

Әдебиеттер:

Жақсыбаев, С. Мұса Шорманов: [мемлекет және қоғам қайраткері, фольклорист, этнограф М.Шормановтың 190 жылдығына орай] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. – 2008. – 4 наурыз. – 4 – 5 б.

Рахимов, Е. Мұса мырза есімі ел есінде қалай сақталған: [М.Шорманов] / Е. Рахимов // Айдын. – 2008. - № 1. – 50-58 б.